

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай - балабақшасы

31.08.2023 ж

Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №1

**Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер,
медбике, тәрбиешілер, ата-ана комитетінің төрағасы.**

Күн тәртібінде

- 1) Педагогикалық кеңестің құрамын сайлау, бекіту.
- 2) Педагог қызметкерлердің сапалық құрамын бекіту.
- 3) Балабақшаның педагог қызметкерлеріне 2023-2024 жаңа оқу жылының перспективалық жоспарымен таныстыру. Жылдық жоспарға қойылған мақсат міндеттермен таныстыру.
- 4) Барлық топтардың жас ерекшелігіне сәйкес 2023-2024 жылына арналған күн тәртібін, оқу кестесін бекіту.
- 5) Барлық тәрбиешілердің 2023-2024 жылына арналған перспективалық жоспарын бекіту.
- 6) Пән мұғалімдерінің, музыка жетекшілерінің, педагог-психолог маманның 2023-2024 оқу жылына арнаған жоспарын бекіту.
- 7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес! баяндама
- 8) Жас маманға тәлімгер тәрбиешіні бекіту.
- 9) Тәрбиешілерді топтарға бекіту.
- 10) Барлық топтың бала тізімін бекіту.
- 11) Балабақшадағы ұлттық құндылықтар. Баяндама.
- 12) Педагогикалық кеңес шешімі.

2023-2024 жаңа оқу жылының кезекті №1 Педагогикалық кеңесін балабақшаның меңгерушісі Мынжасарова Гульнур Абдрахмановна ашық деп жариялады. Кеңеске қатысушылар педагог қызметкерлер, ата-ана, тәрбиешілер және меңгеруші мен әдіскер. Күн тәртібін балабақша меңгерушісі Гульнур Абдрахманқызы бәріне таныстырды. Кеңес құрамын бекітті. Сапалық құрам анықталды. 2023-2024 жаңа оқу жылының перспективалық жоспарымен балабақшаның әдіскері Альжанова Ақмарал таныстырды. Жылдық жоспарға қойылған мақсат міндеттермен таныстырды.

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай балабақшасы

19.10.2023ж

Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №2

**Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер,
медбике, тәрбиешілер, ата-ана комитетінің төрағасы.**

Күн тәртібінде

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
- 2) Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімін анықтау.
- 3) Топтарда балалардың тізімінің толықтығы, бейімделуі
- 4) 2 жас кіші топтың балаларына арналған физикалық қасиеттерді дамыту. Баяндама
- 5) Топтарда балалардың тізімінің толықтығын анықтау.
- 6) Дидактикалық ойындарға қолданатын көрнекіліктер. Көрме
- 7) Қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг талдау.
- 8) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы насихат карточка тарату.
- 9) Ағымдағы мәселелер
- 10) Педагогикалық кеңестің шешімі

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі кеңесті ашық деп жариялады. Қатысушылар түгел қатысты. Өткен педагогикалық кеңестің орындалуын әдіскер баяндады.

Ұлттық біліктілік тестін тапсыратын педагог қызметкерлердің тізімін анықтау барысында тәрбиешілер 2023-2024 оқу жылында Дүйсебаева Роза және Найзабекова Гүлзат тәрбиешілеріміз тест тапсыруға сұраныс білдірді.

ҰБДҚ балалар тізімін толық екендігіне есеп берді.

Қазіргі әлемде адам үшін, жалпы қоғам үшін денсаулықтан асқан құндылық жоқ. Нәтижесінде дене шынықтыру мен спорттың маңызы артып, оны

Стандартқа сәйкес оқу іс-әрекеттерін дұрыс орындау әр апта сайын кіріп бақылау жүргізетіндігін атап өтті. Жаңадан келген балалардың бейімделуіне жағдай жасалып жеңіл және орташа бейімделуден өткендігін мәлімдеді. Барлық топта бала тізімі ай сайын бекітіліп жатқандығын медбике мәлімдеді. Дидактикалық ойындарға қолданатын көрнекіліктер. Көрме балабақшамыздың тәрбиешісі Жайлаубаева Шолпанай апайымыз дидактикалық ойының неше түрлері бар екеніне тоқталып өтті. Соның бірі «Сенің ойыншығың қандай?» ойынына тоқталды. Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын (көлемі, түсі, пішіні қандай материалдан жасалғаны және не үшін керектігі) білдіретін сөздермен толықтыру.

Шешімі:

1. Топтардың тазалығын қатаң сақтау.
2. Балаларды смартнейшн балабақша порталына арқылы қабылдау және ҰБДҚ сәйкестендіру.
3. Топтарға жас ерекшелігіне сәкес балаларды қабылдау.

Педагогикалық кеңес төрайымы



Г.А.Мынжасарова

Педагогикалық кеңес хатшысы:

А.Х.Альжанова

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай - балабақшасы

27.12.2023ж

Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №3

**Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер,
медбике, тәрбиешілер, ата-ана комитетінің төрағасы.**

Күн тәртібінде

№3 Педагогикалық кеңес.

- 1) Өткен педагогикалық кеңестің шешімінің орындалуы.
- 2) Біздің балабақшада сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ! Баяндама
- 3) Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспарын бекіту.
- 4) Балалардың әлеуметтік жағдайы туралы есебі
- 5) Тәлімгер тәрбиешімен жас мамандар жұмысын талдау.
- 6) Біліктілік санатын алған педагогтар тізімін анықтау.
- 7) Салыстырмалы бақылауды талқылау.
- 8) Ата-аналарға сауалнама жүргізу.
- 9) Педагогикалық кеңестің шешімі.

Үшінші педагогикалық кеңес отырысы ашық деп жарияланды.

Қатысушылар тіркелді. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы әдіскер есеп берді.

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі.

Жаңа жылдық ертеңгіліктердің іс-шара жоспарын бекітілді. Ұсыныс айтылды тез жанатын, жарылғыш ойыншықтар қолдануға, шырша астына мақта картон қоюға болмайтындығын, кезекшілік ұйымдастырып, жарықтарды сөндіру, костюмдарды алдын ала дайындау ескертілді. Балалардың әлеуметтік жағдайын ай сайын жинақтауды педагог-психолог маманға жүктеді. Тәлімгер тәрбиешімен жас мамандар жұмысын талдау бойынша портфолио жинақтау, номенклатура бойынша құжаттарды жинақтау бойынша жасалынған жұмыстарды слайд арқылы көрсетті. Біліктілік санатын алған тәрбиешілер жоқ. Салыстырмалы бақылау барысында ортаңғы топшен ересек топтың балалардың тілдік қорын молайту мақсатында жұмыс жасалу керектігі ескертілді.

Ата -аналармен сауалнама, ситуациялық сұрақтар қойылды, толық жауап берді. Ата-анамен тәрбиеші арасындағы жанжалды жағдайлардың алдын алу тақырыбында педагог-психолог маманы Айдаршаева Кәмшат

ЖШС «Оңалайық, балақай!» бөбекжай балабақшасы

23.02.2024ж

Педагогикалық кеңес хаттамасы.

Хаттама №4

**Қатысушылар: меңгеруші, әдіскер,
медбике, тәрбиешілер, ата-ана комитетінің төрағасы.**

Күн тәртібінде

№4 Педагогикалық кеңес

- 1) Өткен педагогикалық кеңес шешімі.
- 2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында газет – журналдарға мақала жариялау.
- 3) Дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру.
- 4) Тақырыптық бақылау
- 5) Жеке даму карталарының толтыруын бақылау.
- 6) Ертегі терапиясы 2 жас кіші және 3 жас ортаңғы топтарда қолдану.
- 7) Педагогикалық кеңестің шешімі

Төртінші педагогикалық кеңес отырысын балабақша меңгерушісі Мынжасарова Гульнур Абдрахмановна ашық деп жариялады. Қатысушылар тіркелді. Өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы туралы әдіскер есеп берді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тақырыбында журналға мақала жариялағандығын айтып өтті. Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Ол-әлеуметтік мәселе. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-коррупция деп Рысметова Умида тәрбиешіміз мәлімдеді. Дамытушы орта құру бойынша топтарда шаштараз бұрышы, дүкен, дәріхана, асхана бұрыштарын ұйымдастыру, ұлдарға және қыздарға үйрену керек мамандықтарға түсініктеме беру негізге алыну керетігі айтылды. Педагог-психолог қатысушылармен тренинг өткізді. Тақырыптық бақылау ақпан айының 1 аптасында жүргізілген, яғни күнделікті іс-әрекет бір апта бойы топтарда бақыланған. Қаңтар айындағы аралық мониторинг қорытындыларына талдау жүргізу және жеке даму картасын бақылау. Анықталған кемшіліктерді жою, әдістемелік көмек берілу әдіскерге жүктелді. Ертегі терапиясын 2 жас кіші және 3 жас ортаңғы топтарда қолдану тақырыбында тәрбиеші

«Оңалайық, балақай» бөбекжай балабақшасы

№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Күні: «31» мамыр 2024 жыл

Өткізілген орны: «Оңалайық, балақай» бөбекжай балабақшасы

Педагогикалық кеңес төрайымы: Мынжасарова Г.

Хатшысы: Альжанова А.

Қатысқандар:

Найзабекова Г., Рысметова У., Дүйсебаева Р.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Қорытынды мониторинг нәтижесі.
3. Балалардың мектепке дайындығы.
4. Жас маман мен тәлімгердің жұмысын талдау.
5. Жазғы оқу кестесін, күн тәртібін бекіту және таныстыру.
6. Жазғы сауықтыру жоспарын түзу.
7. Тәрбиешілердің жылдық есебін тыңдау.
8. Әдіскердің жылдық есебін тыңдау.
9. Педагогикалық кеңестің шешімі.

1-мәселе. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы

Тыңдалды:

Педагогикалық кеңес төрайымы Мынжасарова Г. өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы айтып өтті.

Қабылданған шешімдер бойынша оқу-тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы, балалардың білім, білік, дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстардың жүргізілуі қарастырылды.

Қаулы:

Өткен педагогикалық кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін. Алдағы уақытта қабылданған шешімдердің орындалуы тұрақты бақылауда болсын.

2-мәселе. Қорытынды мониторинг нәтижесі

Тыңдалды:

Әдіскер Альжанова А. оқу жылының қорытынды мониторинг нәтижелері туралы баяндады. Мониторинг барысында тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі сараланды.

Балалардың даму көрсеткіштері талданып, оқу жылы басындағы және соңындағы нәтижелер салыстырылды. Оң динамика көрсеткен бағыттармен қатар, қосымша жұмысты қажет ететін бағыттар да анықталды.

Қаулы:

1. Қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
2. Балалардың жеке даму ерекшеліктеріне сәйкес жұмыстар жалғастырылсын.

3. Келесі оқу жылында мониторинг нәтижелерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстары жоспарлансын.

3-мәселе. Балалардың мектепке дайындығы

Тыңдалды:

Мектепалды даярлық тобындағы балалардың мектепке дайындығы туралы ақпарат берілді. Балалардың оқу, жазу, санау, ойлау, сөйлеу, қарым-қатынас жасау дағдылары және өздігінен әрекет ету қабілеттері талданды.

Балалардың басым бөлігінің мектепке қажетті негізгі дағдылары қалыптасқаны атап өтілді.

Қаулы:

1. Мектепке баратын балалардың дайындық нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Қажеттілігіне қарай жекелеген балалармен қосымша жұмыстар жүргізілсін.
3. Ата-аналарға балалардың мектепке бейімделуіне байланысты ұсыныстар берілсін.

4-мәселе. Жас маман мен тәлімгердің жұмысын талдау

Тыңдалды:

Жас маманның оқу жылы бойындағы кәсіби қызметі мен тәлімгер тарапынан көрсетілген әдістемелік көмектің нәтижесі талданды. Жас маманға оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру, құжаттарды жүргізу, балалармен жұмыс жасау, ата-аналармен қарым-қатынас орнату бойынша тәжірибелік және әдістемелік қолдау көрсетілгені айтылды.

Қаулы:

1. Жас маман мен тәлімгердің бірлескен жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Жас маманның кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары жалғастырылсын.
3. Тәлімгерлік жұмыс жүйелі түрде жүргізілсін.

5-мәселе. Жазғы оқу кестесін, күн тәртібін бекіту және таныстыру

Тыңдалды:

Әдіскер Альжанова А. жазғы кезеңге арналған оқу кестесі мен күн тәртібін таныстырды. Жаз мезгілінде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу қызметтері, серуен, ойын, тынығу және сауықтыру шараларын дұрыс ұйымдастыру қажеттігі айтылды.

Қаулы:

1. Жазғы оқу кестесі бекітілсін.
2. Жазғы кезеңге арналған күн тәртібі бекітілсін.

3. Барлық педагогтер бекітілген кесте мен күн тәртібін басшылыққа алып жұмыс жүргізсін.

6-мәселе. Жазғы сауықтыру жоспарын түзу

Тыңдалды:

Жазғы сауықтыру кезеңінде тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, таза ауада көбірек болуын қамтамасыз ету, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру және шынықтыру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында жазғы сауықтыру жоспарын құру мәселесі қаралды.

Қаулы:

1. Жазғы сауықтыру жоспары бекітілсін.
2. Жоспарға сәйкес сауықтыру, шынықтыру, спорттық және мәдени-ойын шаралары ұйымдастырылсын.
3. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары қатаң орындалсын.

7-мәселе. Тәрбиешілердің жылдық есебін тыңдау

Тыңдалды:

Тәрбиешілер оқу жылы барысында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстары бойынша жылдық есептерін ұсынды. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар, балалардың даму көрсеткіштері, ата-аналармен жүргізілген жұмыстар, өткізілген іс-шаралар мен кездескен мәселелер сараланды.

Қаулы:

1. Тәрбиешілердің жылдық есептері назарға алынсын.
2. Оқу-тәрбие жұмыстарының нәтижелері келесі оқу жылын жоспарлау барысында ескерілсін.
3. Анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізілсін.

8-мәселе. Әдіскердің жылдық есебін тыңдау

Тыңдалды:

Әдіскер Альжанова А. оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстар бойынша жылдық есебін берді. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық кеңестерді ұйымдастыру, оқу-тәрбие процесін бақылау, мониторинг жұмыстарын жүргізу және педагогтерге әдістемелік көмек көрсету бағыттары бойынша атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Қаулы:

1. Әдіскердің жылдық есебі назарға алынсын.
2. Әдістемелік жұмыстардың нәтижелері қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Келесі оқу жылында педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.

9-мәселе. Педагогикалық кеңестің шешімі

Педагогикалық кеңес күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе:

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Қорытынды мониторинг нәтижелері назарға алынсын.
3. Мектепке баратын тәрбиеленушілердің мектепке дайындығы бойынша атқарылған жұмыстар жалғастырылсын.
4. Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, келесі оқу жылында түзету-дамыту жұмыстары жоспарлансын.
5. Жас маман мен тәлімгердің жұмысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
6. Жазғы оқу кестесі мен күн тәртібі бекітілсін.
7. Жазғы сауықтыру жоспары бекітіліп, жоспарға сәйкес жұмыстар ұйымдастырылсын.
8. Тәрбиешілердің жылдық есептері қабылданып, назарға алынсын.
9. Әдіскердің жылдық есебі қабылданып, атқарылған әдістемелік жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.
10. Педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуын бақылау педагогикалық кеңес төрайымы Мынжасарова Г. және әдіскер Альжанова А. тарапынан жүзеге асырылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы: _____ Мынжасарова Г.

Хатшысы: _____ Альжанова А.